

калыптастыру үшін мұғалімнің атқарар рөлі өте зор болып табылады. Ол үшін әрбірокушының ішкі түйсігіндеалға ұмтылу, даму, жан-жақтағы ортаны ерекшесезіну, алға қойған мақсаттарға жетудің жолдарын қарастыру, өз ортасында беделге ие болу, сауаттылықты арттыру, іздену, мәдениеттисөйлеу, кез келген жағдайда өзін көрсете білу, тығырыққа тірелмейтін түрлі жұмыстаратқару және өзін жеке тұлғаретіндесанап, мемлекетке қызмет етуге дайындауы қажеттілігін сезінуі шарт.Балалық және жасөспірім көшбасшылар ересек жаста көшбасшылық лауазымдарға ие болады, ал ерте дамыған көшбасшылық дағдылар болашаққа оң әсер етуі мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Жастар жылының жабылуы және Волонтер жылының басталуы рәсіміне арналған шарада сөйлеген сөзі [Мәтін] / Қ.К. Тоқаев. – Астана: Ақ Орда, 2019.
- 2.Рожков М.И., Доценко И. Использование игровыхситуаций для выявления лидеров в коллективе Воспитание школьников. –2015.–№ 1. С. 52-53
3. Ақиқатты тани біл: VII кітап. Даналық – әр күнде/Құрастырушылар: Сейтақов Айболат Самифоллаұлы, Игенбаева Бижан Құрманғалиқызы.-Алматы, 2005.-112с
4. Кулагина И. Ю. Возрастная психология (Развитиеребенкаот рождения до 17 лет): Учебное пособие. М.: Изд-во Ун-таРоссийской академии образования, 2006. 175с.
5. Ш.М.Майғаранова, С.Т.Иманбаева. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2006 ж.

Мухаметжанова А.О., Абдурахманова Г.А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация.Мақала білім беру процесінде оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудың өзекті мәселесіне арналған. Функционалды сауаттылықты қалыптастыру күрделі, көпжақты, ұзақ процесс екендігі атап өтілді: қажетті нәтижелерге әр түрлі заманауи педагогикалық технологияларды шебер, сауатты үйлестіре отырып, сабақтарда жүйелі күнделікті жұмыс арқылы ғана қол жеткізуге болатындығы жөнінде сөз қозғайды. Авторлар заманауи технологияларды қолдану бастауыш сынып оқушысының оқу сауаттылығын дамыту, оның әсерін көрсетеді. Буктрейлер оқушылардың оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын қалыптастырады.

Кілт сөздер: Функционалды сауаттылық, қарапайым сауаттылық, оқу, оқу сауаттылығы, білім беру, заманауи технология.

XXI ғасыр білімді жастардың заманы. Технологияның дамыған, инновацияның өрбіген ширек ғасырында әрбір мемлекет тек қана жаңашыл жаңалығымен, жалынды жастары арқылы көш бастап, әлем сахнасында төрелік жасауда. Ғылым мен білім саласы бүгінгі күні сағат сайын сырғып, минут сайын жылжып, секунд сайын жаңа жаңалық ашуда, аталмыш тақырыпта әлем нарығы оңтайлы нәтижеге қол жеткізгенін ескерсек, бұл көрсеткіштердің авторлары: жан-жақты, креативті және логикалық тұрғыда сауатты жетілген жастар екенін атап көрсетуге болады.

Қазақстан өз тәуелсіздігін тамырлатып келе жатқан 31 жыл ішінде білім саласында біршама жетістіктерге жетті. Дәстүрлі оқу жүйесінен жаңартылған білім негізіне де ақырындап қадам басты. Мұндай қадам оңай болмағанымен, нәтиже бар. Білім жолында жетістікке жетуді оқушы сатысынан бастасақ, басты бағыт даму және дамыту болып саналады. Сондай дамыту жолындағы бүгінгі отандық білім саласындағы өзекті тақырыптардың бірі: «Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері [1]. Оқушы, ол да жеке дамушы, индивид тұлға. Бала тілі шыққаннан оның өне бойына сіңірілетін құндылық ол - оқу. Даярлық кезеңнен бастап, оқушы, студент, қызыметкер болғанда да бойынан табылатын ең ізгі білім- саласындағы сауаттылық.

Оқу сауаттылығы ең алдымен оқушыға тіл мен тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін қажет. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасап, саналы тұлға болып қалыптасу үшін де аса маңызды болып саналады. Оқу сауаттылығын оқушы бойында арттыру үшін, Я.А. Коменский айтқандай: оқушылардың жас ерекшелігін ескеру арқылы, оқу бағдарламасын жасау керек. Дұрыс жасалынған бағдарлама арқылы оқушы жан-жақты ойлана алатын, шығармашыл, көпшілік алдында өзін еркін ұстайтын болады. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері, мектепке дейінгі кезеңде:

1. Сөздік қорын көбейту;
2. Грамматикалық жүйені қалыптастыру;
3. Байланыстырып сөйлеуді үйрету; сынды сатылардан тұрса, мектеп қабырғасында:
 - 1) Ойын толық жеткізуге үйрету;
 - 2) Сыни тұрғыда жан-жақты ойлануға және шешім қабылдауға мүмкіндік жасау;
 - 3) Мақсат қоюға, қабылдауға, ақпаратты талдауға дағдыландыру;
 - 4) Табиғи, рухани, адами құндылықтарды бойына сіңдірту; сынды критерийлерден тұрады.

Мұндай оқу үрдістерін оқушы бойына үйретуде мұғалімнің алатын орны ерекше, ұстаз дәстүрлі білім жүйесін жаңа оқу бағдарламасымен салыстыра отырып, бала бойына әр түрлі әдіс тәсілдермен қызықты етіп жеткізуі тиіс.

«Оқу сауаттылығы», «Әдебиеттік оқу» сынды пәндік оқыту мен тестілеулер де оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мен жетілдіруге арналған арнайы бағыт. Оқу сауаттылығын дамытудың басты мақсаты - өркениетті, табысты адам қалыптасатыру, ал оқу сауаттылығын дамытудың басты міндеті - сауатты оқушылардың, сауатты оқу дағдылары арқылы жарқын болашақ құру болып табылады.

Еліміздің әлем державасында бәсекеге қабілетті, көшбасшы мемлекет қатарларының алдыңғы шебінен көрінуі үшін де, білім беру жүйесінде даралану, озу, жетістікке жету міндеті белгіленіп отыр. Ол міндеттің басты бастамасы мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту, оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға ықпал жасайтын орта құру болып табылады. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға әсер ететін факторларға:

1. Тіл және әдебиет сабақтары;
2. Өзін-өзі тану және дамыту сабақтары;
3. Кітапханамен байланыс;
4. Ата-аналармен бірге жүргізілетін жұмыстар;
5. Сыныптан тыс, қосымша сабақтар жатады [2, 15 б].

Аталмыш сатыларды дұрыс оқушы бойына қалыптастырған жағдайда, балаларда дұрыс функцияналдық сауаттылық деңгейі қалыптасады.

Оқу сауаттылығын дамыту бізге не береді? Нәтижесі қандай? Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелеріне нелер жатады? Жалпы айтқанда:

- Әлемдік және отандық зерттеу барысында мемлекеттің басым бағыттарын есепке ала отырып оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту негізінде оңтайлы жұмыстар анықталды.

- Аталмыш тақырып аясында мектеп және кітапхана арасында тығыз байланыс орнатылды.

- Ата-аналардың балалармен бірлесе отырып, кітап оқуы арқылы, мектеп бағдарламаларын түсіну дұрыс қалыптасаты.

- Біршама жүйелерді ұйымдастыру және орындау арқылы оқушылардың кітапқа және кітапханаға деген қызығушылықтары оянды.

- Педагогика саласында көркем әдебиетті көбірек оқу арқылы оқушылардың сөздік қоры молайып, үш тілде меңгеру оңтайлы жүйеге қойылды.

- Азаматтық патриотизм қалыптасып, оқушылардың интеллектуалды, шығармашылық қабілеттері артты.

- Рухани-адамгершілік сапасы көбейді.

- Білім ордаларында жаңа кітаптар мен аудио қорлары көбейді.

- Барлық мектеп кітапхана мен кітаптармен толықтырылды.

Осылайша, бүгінде мектептерде әрбір оқушының жетістігі көбейіп, сауатты, мәдениетті, еркін оқушы қалыптасты.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде де оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері бойынша шаралар жүргізуді қалыптастырған. Шараның басты мақсаты оқушыларды оқуға тарту және бірлескен процесс орнықтыру.

Оқушы сауатын арттыру тек бір ғана жүйеде немесе бір ғана пән мен бір ғана бағытта қалыптаспайды. Оқушы сауатын әр пән үйретеді, мәселен: қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың сауатын арттыру жұмыстары, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған мәтіндер мен тапсырмалар, функционалдық сауаттылықтың қалыптасуы, өзін-өзі тану пәнінің оқушылардың сауатын қарастырудағы бағыттары, бастауыш сыныпта және жоғары сыныптарда оқушы сауаттылығын арттыратын жұмыстар және арнайы бекітілген пәндер сынды бірнеше бағдарламалар мен бағыттардан тұрады [3, 32 б]. Сондай оқыту мазмұнының жүйелі түрлерінің бірі: ол буктрейлер.

Буктрейлер - кез келген еркін немесе көркем формадағы кітап туралы баяндайтын қысқа бейне.

Бұл бейнематериалдардың мақсаты - жаңа жарық көрген кітаптарды жарнамалау және кинотрейлерлерге тән көрнекі құралдарды пайдаланып, кітаптарға назар аударатырып, оқуды насихаттау. Әдетте буктрейлерінің ұзақтығы 3 минуттан аспайды

Мұндай бейнелер заманауи кітаптарға да, әдеби классикаға айналған кітаптарға да түсіріледі.

Буктрейлерінің басты міндеті - болашақ оқырманды қызықтыру және таң қалдыру, оқиға желісіне және көркем шығарманың кейіпкерлеріне назар аудару. Буктрейлерін жасау кезінде бейнелерді, иллюстрацияларды, фотосуреттерді, кітап мұқабаларын пайдалануға болады.

Буктрейлеріне арналған бірнеше марапат түрлері құрылды.

Тағы бір айшықты мысал: «Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері», оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Функционалдық сауаттылық бұл адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуы, қазіргі жаһандану дәуірінде, кәсібіне немесе жасына қарамастан адамның білімін үнемі жетілдіріп отыру. Оның басты мақсаты жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, физикалық және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи түрде өзгерді, бұл адамға қойылатын талаптарда белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен дағдылардың жиынтығына ие болу, яғни оқу, жазу, санау қабілетіне емес, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізу, қалыптастыру, игеру. Қазіргі әлемдегі және біздің еліміздегі әртүрлі оқиғалардың әсерінен қоғамға қойылатын талаптардың өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең таралды.

Білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың мақсаты қазіргі әлемдік білім беру кеңістігіндегі халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру процесінің орталық фигурасы білім беру субъектісі болып табылатындығын, осы пән бойынша алған білімнің түпкілікті нәтижесі болып табылатындығын анықтау болып табылады.

Қарапайым сауаттылық - бұл адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндер жасау және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындау қабілеті. Функционалдық сауаттылық бұл адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілетінің және сол ортаға тез бейімделу және қарым-қатынас жасау қабілетінің көрсеткіші. Функционалдық сауаттылық, демек, адамның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажет деп саналатын және оның әлеуметтік өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін білім, дағдылар жиынтығынан тұрады. Кең мағынада бұл дағдылар мен білім әлеміне ену тәсілі ғана емес, бұл ұлттың, елдің немесе адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының көрсеткіші. Осындай сапалы сипат тұрғысынан функционалдық сауаттылық жеке тұлғаны дамыту механизмі ретінде қолданылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы-бұл оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс, кез-келген жағдайда тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Егер бұл шарттар бастауыш мектепте сақталса, онда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады [4, 17 б].

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығының мазмұны келесі мағынада сипатталады

- оқу және жазу сауаттылығы;
- жаратылыстану ғылымдары саласындағы сауаттылық;
- математикалық сауаттылық;
- компьютерлік сауаттылық;
- денсаулық сақтау мәселелеріндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылық.

Оқу бағдарламасындағы әрбір пән өз оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда білім беру ерекше рөл атқарады. Сонымен бірге адамдардың әлеуметтік өмірін, олардың армандары мен мүдделерін көрсетеді, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық және эстетикалық және т. б. береді. көркем әдебиетті білім берудегі қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану, әлемге, мінезге және жалпы мәдениетке деген көзқарасты қалыптастыру бастауыш мектеп пәнінің басты мақсаты болып саналады, ал қазақ тілінің басты міндеті тіліміздің белгіленген нормаларын, жалпы айтқанда, грамматиканы оқыту.

Жоғарыда атап көрсетілген сипаттағыдай жұмыстарды жүргізу арқылы Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті қалыптасқан, зиялы қауымға бай, өзге елдермен терезесі тең, керегесі биік болары хақ. Білім - балабақшадан іргеленіп, бастауыштан қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Берикханова А.Е. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқу әдістемелік құрал. Алматы, Қазақ университеті. – 2003 - 616.
2. Колумбаева Ш.Ж.Калиева, Г.И.Инновациялық тәжірибе орталығы педагогикалық технология көзі. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған оқу құралы-Алматы. - 2003-666.
3. Құдайқұлов С.М. Оқушылардың белсенділігін қалыптастыру. //Бастауыш мектеп. – 2001. - №1/2. – Б. 31-33.
4. Қоянбаев Р.М. Жаңа ғасырдағы білім беру технологиялары және оны оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. //Сынып жетекші. – 2004. - №2. – Б.3-7.

**Мухаметжанова А.О., Даян М.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада қазіргі білім мазмұны негізінде, қоғамдағы өзгерістерді ескере отырып бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын жалпы және жекелеген «Дүниетану» сабақтарында қалыптастыру, соның нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер қарастырылған. Күн сайын өзгеріп тұратын алма кезек өмірде ұстаз оқушыға білім мен ғылымды ғана оқытпауы тиіс, жаңашыл кезеңдегі ұстаздарымыз сонымен қатар шәкірттеріне оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алуға бағыт-бағдар беруі тиіс. Осы тұрғыда сауаттылық, минималды сауаттылық ұғымдарына анықтама беріле отырып функционалдық сауаттылыққа кеңінен тоқталып негіздеме келтірдік, бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың мақсаты мен міндеттерін айқындадық. Мақалада «Дүниетану» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мәні мен маңызы айтылды.

Кілт сөздер: білім, сауаттылық, минималды сауаттылық, функционалдық, құндылық, құзыреттілік.

«Білімдінің заманы!», «Білімді болу заман талабы» өзара байланысқан бұл сөздердің астарында үлкен мән жатыр, ал осы айтылған заман талабына сай білімді болу үшін ең бірінші сауаттылықтан бастайды. Сауаты мықты адам білімдінің заманының бір кірпішін қалаушы. Кез келген істі меңгеру үшін істің басынан бастары анық, яғни сауатты болу үшін біз ең бастапқы кезеңде жүретін мектеп табалдырығындағы бастауыш сынып оқушыларынан бастаймыз. Ендеше бүгінгі күні өмірге, қоғамға кез келген істермен өзгерістерге тез бейімделе алатын тұлға керек. Сондықтан бүгінгі мұғалім болашақ білімпаздарына ғылым негіздерінен мәлімет беріп, шәкірттеріне дүниежүзілік білім, ақпарат, қоғам өмірінен хабардар болап ортаға бейімделе алуға, бір сөзбен жеткізер болсақ қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу қажет. Бұл ретте сауаттылық түрлерінің ішіндегі «функционалдық сауаттылық» ұғымының мағынасын ашып, бала бойына сауаттылықтың осы бір түрін қалыптастыру еліміздің өркендеуімен дамуына бір табан жақындатып, баланы болашаққа, алдағы қоғамдық ортаға тез үйренуге бейімдейді.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени